2023 жылдың мамыр айында Халықаралық ақша аударымдарының жүйелері (бұдан әрі – ААЖ) арқылы 94,8 млрд. теңгеге 260,1 мың ақша аударымдары жіберілген. 2023 жылдың сәуір айымен салыстырғанда ақша аударымдарының саны мен көлемі сәйкесінше 5,4% және 10,6%-ға ұлғайды.

Қазақстанның банктері және «Қазпочта» АҚ өзінің клиенттеріне Золотая корона, Western Union, ЮНИСТРИМ, Contact, Faster, MoneyGram, сияқты жүйелер және басқа жүйелері арқылы ақша аудару бойынша қызметтер көрсетеді.

ААЖ-ны Қазақстан халқы ел аумағында аударымдарды жүргізу және сол сияқты шетелге/шетелден ақша аударымдарын алу/жіберу үшін пайдаланады.

2023 жылдың мамырында Қазақстан аумағында жүргізілген ақша аударымдарының үлесі ААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы санының 6,2% және жалпы сомасының 5,2% құрайды. Шетелге жіберілген ақша аударымдарының үлесі тиісінше 93,8% және 94,9% құрайды.

## ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ АҚША АУДАРЫМДАРЫ

### ***ШЕТЕЛГЕ ЖІБЕРІЛГЕН АҚША АУДАРЫМДАРЫ***

2023 жылдың мамырында шетелге ААЖ арқылы 90,0 млрд. теңге сомаға 243,9 мың транзакция жіберілді. 2023 жылдың сәуірімен салыстырғанда жіберілген ақша аударымдарының саны 11,4%-ға өссе, көлемі 17,7%-ға өсті.

Қазақстаннан шетелге жіберілген ақша көлемі бойынша алдыңғы қатарда келесі елдер: Өзбекстан – 29,9 млрд. теңге (үлесі- 33,2%), Ресей – 19,8  млрд. теңге (жалпы соманың үлесі – 22,0%), Түркия – 18,9  млрд. теңге (үлесі – 21,0%), Грузия – 9,1 млрд. теңге (үлесі - 10,2%), сондай –ақ Қытай - 2,9 млрд. теңге (үлесі - 3,2%).

***Ақша аударымдарының жүйелері бойынша***

| Жүйе | Саны (мың транзакция) | *Жалпы сандағы үлесі, %-бен* | Сомасы (млн. теңге) | *Жалпы сомадағы үлесі, %-бен* |
|---|---|---|---|---|
| Золотая Корона | 207,8 | *85,2%* | 71 137,4 | *79,1%* |
| CONTACT | 18,2 | *7,5%* | 10 554,0 | *11,7%* |
| Вестерн Юнион | 7,6 | *3,1%* | 5 351,9 | *5,9%* |
| MONEYGRAM | 1,9 | *0,8%* | 1 380,1 | *1,5%* |
| ЮНИСТРИМ | 5,5 | *2,3%* | 1 224,9 | *1,4%* |
| Басқа ақша аудару жүйелері | 2,9 | *1,2%* | 305,5 | *0,3%* |
| ***Жалпы жиынтығы*** | **243,9** | ***100,0%*** | **89 953,7** | ***100,0%*** |

***Елдер бойынша***

| Ел | Саны (мың транзакция) | *Жалпы сандағы үлесі, %-бен* | Сомасы (млн. теңге) | *Жалпы сомадағы үлесі, %-бен* |
|---|---|---|---|---|
| Өзбекстан | 78,6 | *32,2%* | 29 876,9 | *33,2%* |
| Ресей | 91,2 | *37,4%* | 19 784,5 | *22,0%* |
| Түркия | 34,0 | *13,9%* | 18 850,4 | *21,0%* |
| Грузия | 4,4 | *1,8%* | 9 144,0 | *10,2%* |
| Қытай | 2,2 | *0,9%* | 2 865,8 | *3,2%* |
| Қырғызстан | 9,6 | *3,9%* | 2 613,1 | *2,9%* |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Тәжікстан | 15,2 | *6,3%* | 2 081,7 | *2,3%* |
| Әзірбайжан | 1,9 | *0,8%* | 1 229,1 | *1,4%* |
| Армения | 0,7 | *0,3%* | 645,0 | *0,7%* |
| Украина | 1,6 | *0,6%* | 597,8 | *0,7%* |
| Басқалары | 4,5 | *1,9%* | 2 265,3 | *2,5%* |
| ***Жалпы жиынтығы*** | **243,9** | ***100,0%*** | **89 953,7** | ***100,0%*** |

***Валюталар бойынша***

ААЖ арқылы шетелден жіберілген аударымдардың негізгі үлесі АҚШ долларымен (жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі 41,9%, жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі 64,2%) және қазақстандық теңгеде (тиісінше 46,9% және 27,8%) жүргізілді.

**Жіберілген аударымдар жалпы санының үлесі**




**Жіберілген аударымдар жалпы көлемінің үлесі**




## ***<u>ШЕТЕЛДЕН АЛЫНҒАН АҚША АУДАРЫМДАРЫ</u>***

2023 жылдың мамыр айында Қазақстанға шетелден ААЖ арқылы 28,0 млрд. теңге сомаға 101,9 мың ақша аударымдары жүргізілді. 2023 жылдың сәуір айымен салыстырғанда шетелден түскен ақша аударымдарының саны мен көлемі сәйкесінше 2,1%-ға және 6,5%-ға ұлғайды.

Шетелден түскен ақша аударымдарының көлемі бойынша алдыңғы қатардағы елдер: Ресей – 10,6 млрд. теңге (жалпы соманың үлесі – 37,8%), Америка Құрама Штаттары – 3,1 млрд. теңге (үлесі – 11,1%), Корея Республикасы – 3,0 млрд. теңге (үлесі – 10,7%), Өзбекстан – 2,8 млрд. теңге (үлесі - 10,1%), сондай-ақ Түркия - 1,7 млрд. теңге (үлесі – 6,2%).

***Ақша аударымдарының жүйелері бойынша***

| **Жүйе** | **Саны (мың транзакция)** | ***Жалпы санындағы үлесі, %-бен*** | **Сома (млн. теңге)** | ***Жалпы сомадағы үлесі, %-бен*** |
|---|---|---|---|---|
| Золотая Корона | 41,4 | *40,7%* | 13 415,8 | *47,9%* |
| CONTACT | 4,4 | *4,4%* | 1 210,6 | *4,3%* |
| Вестерн Юнион | 23,1 | *22,7%* | 6 084,5 | *21,7%* |
| MONEYGRAM | 11,0 | *10,8%* | 3 534,6 | *12,6%* |
| ЮНИСТРИМ | 18,1 | *17,8%* | 3 549,5 | *12,7%* |
| Басқа ақша аудару жүйелері | 3,8 | *3,7%* | 233,0 | *0,8%* |
| ***Жалпы жиынтығы*** | **101,9** | ***100,0%*** | **28 028,0** | ***100,0%*** |

***Елдер бойынша***

| Ел | Саны (мың транзакция) | *Жалпы сандағы үлесі, %-бен* | Сомасы (млн. теңге) | *Жалпы сомадағы үлесі, %-бен* |
|---|---|---|---|---|
| Ресей | 51,9 | *51,0%* | 10 604,5 | *37,8%* |
| Америка Құрама Штаттары | 9,6 | *9,4%* | 3 120,9 | *11,1%* |
| Корея Республикасы | 5,4 | *5,3%* | 2 987,5 | *10,7%* |
| Өзбекстан | 5,2 | *5,1%* | 2 834,7 | *10,1%* |
| Түркия | 5,5 | *5,4%* | 1 739,1 | *6,2%* |
| Германия | 8,5 | *8,3%* | 1 480,9 | *5,3%* |
| Қырғызстан | 2,4 | *2,4%* | 1 258,4 | *4,5%* |
| Грузия | 0,8 | *0,8%* | 477,9 | *1,7%* |
| Израиль | 1,1 | *1,0%* | 317,4 | *1,1%* |
| Беларусь | 0,4 | *0,4%* | 275,6 | *1,0%* |
| Басқалары | 11,1 | *10,8%* | 2 931,2 | *10,5%* |
| ***Жалпы жиынтығы*** | **101,9** | ***100,0%*** | **28 028,0** | ***100,0%*** |

***Валюталар бойынша***

ААЖ арқылы шетелден алынған ақша аударымдарының негізгі үлесі АҚШ долларымен (алынған аударымдардың жалпы санының 36,1% және жалпы сомасының 53,1%) және қазақстандық теңге (тиісінше 42,0% және 31,4%) жүргізілді.







## ***ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ АУДАРЫМДАР***

Қазақстан аумағында 2023 жылдың мамырында 4,9 млрд. теңге сомасына 16,2 мың транзакция жүргізілді. 2023 жылдың сәуірімен салыстырғанда ақша аударымдарының саны 41,7%-ға азайса, көлемі 47,8%-ға азайды.

***Ақша аударымдарының жүйелері бойынша***

| Жүйе | Саны (мың транзакция) | *Жалпы санындағы үлесі, %-бен* | Сома (млн. теңге) | *Жалпы сомадағы үлесі, %-бен* |
|---|---|---|---|---|
| Золотая Корона | 1,06 | *6,5%* | 1 204,9 | *24,7%* |
| CONTACT | 0,01 | *0,04%* | 12,0 | *0,2%* |
| Вестерн Юнион | 0,02 | *0,1%* | 25,5 | *0,5%* |
| ЮНИСТРИМ | 0,05 | *0,3%* | 6,2 | *0,1%* |
| Басқа ақша аудару жүйелері | 15,1 | *93,0%* | 3 630,9 | *74,4%* |
| **Жалпы жиынтығы** | **16,2** | ***100,0%*** | **4 879,6** | ***100,0%*** |

## *Валюталар бойынша*

**Жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі**




**Жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі**

